

Консулдық мекемелер Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қатынастарының дамуына, экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстар мен туризмнің кеңеюіне жәрдемдеседі.

2. Консулдық мекемелер болып табылатындар: Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің консулдық бөлімдері, бас консулдықтар, консулдықтар, вице-консулдықтық және консулдық агенттіктер.

3. Консулдық мекемелер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Дипломатиялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды, халықаралық әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

3 - 1 . К о н с у л д ы қ м е к е м е л е р :

- 1) бас консулдықтар - Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының;
- 2) консулдықтар, вице-консулдықтар және консулдық агенттіктер - Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының;
- 3) консулдық бөлімдер - Сыртқы істер министрі бұйрықтарының негізінде құрылады, қайта құрылады және өз қызметтерін тоқтатады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2004.12.15. N 1503 Жарлығымен.

4. Консулдық мекемелер Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне бағынысты және консулдық мекеме орналасқан елде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі басшысының басшылығымен жұмыс істейді.

5. Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің консулдық бөлімдерін консулдар деп аталатын консулдық бөлімдердің меңгерушілері басқарады. Бас консулдықтарды, консулдықтарды, вице-консулдықтарды және консулдық агенттіктерді тиісінше бас консулдар, консулдар, вице-консулдар және консулдық агенттіктер басқарады.

6. Консул негізінде осы Жарғыда көзделген міндеттерді орындайды, бірақ сонымен қатар консул, егер Қазақстан Республикасының заңдарына, консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдарына және халықаралық келісімдерге қайшы келмейтін болса, Консулдық Жарғыда көзделмеген өзге де міндеттерді орындай алады.

7. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері жоқ мемлекеттерде, консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісуімен, консулға сондай-ақ дипломатиялық міндеттер де жүктелуі мүмкін.

8. Консулдық мекеменің мекен-тұрағы, оның класы мен консулдық округі консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімі бойынша белгіленеді.

9. Консулдық мекеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және консулдық мекеменің атауы мемлекеттік тілде және мекеме орналасқан мемлекеттің тілінде жазылған мөрі болады.

10. Консулдық мекеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, консулдық мекеменің атауы мемлекеттік тілде және мекеме орналасқан мемлекеттің тілінде жазылған тақтаны өзі орналасқан үйге іліп қоюға хақылы.

11. Консулдық мекеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын консулдық мекеменің үйіне іліп қоюға хақылы.

Консул Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын өз резиденциясында және бұл қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты болса, өзінің көлік құралдарында іліп қоюға хақылы.

12. Осы Консулдық жарғыда келтірілген терминдердің мына төмендегідей мағыналары бар:

"консулдық лауазымды тұлға" - консулдық мекеме басшысын қоса, осы қызметте консулдық міндеттерді орындау жүктелген кез келген тұлғаны білдіреді.;

"консул" - бас консул, консул, вице-консул немесе консулдық мекеменің басшысы болып табылатын консулдық агент.

2-тарау. Консулдық мекемелердің персоналы және консулды тағайындау тәртібі

13. Консулдық қызмет дипломатиялық қызметтің бөлігі болып табылады.

Консулдық лауазымды тұлғалар дипломатиялық қызметкерлер болып табылады және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде мемлекеттік қызметте болады.

Консулдық қызметкерлер және де қызмет көрсетуші персонал дипломатиялық қызмет қызметкерлері болып табылмайды әрі мемлекеттік қызметте тұрмайды.

14. Тек Қазақстан Республикасының азаматы ғана консулдық лауазымды тұлға бола алады.

15. Консулды қызметке Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі тағайындайды. Консул қызметке тағайындалған кезде оған жазбаша уәкілеттік - консулдық патент беріледі.

16. Консул өз міндеттерін атқаруға консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімін (экзекватурасын) алғаннан кейін кіріседі.

17. Егер консул қандай да бір себепке байланысты өз міндеттерін орындай алмаса немесе консулдық қызмет орны уақытша бос болса, консулдың

міндеттерін атқару консулдық мекеме орналасқан мемлекетте Қазақстан Республикасының осы немесе басқа консулдық мекемесінің басқа бір консулдық лауазым иесіне немесе Қазақстан Республикасының осы мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігінің дипломатиялық персоналы мүшелерінің біріне жүктеледі.

3-тарау. Консулдық міндеттерді орындау тәртібі

18. Консул өзіне жүктелген міндеттерді өзі орындайды немесе олардың орындалуын басқа бір консулдық лауазым иесіне тапсырады.

19. Консулдың басқа мемлекеттің консулдық міндеттерін орындауы тек Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ерекше нұсқауы бойынша және консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісуімен ғана орын алуы мүмкін.

20. Консул өз консулдық округінің шектерінде консулдық мекеменің қызметіне байланысты барлық мәселелер бойынша консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындарына өтініш білдіре алады.

21. Консул жылына кемінде бір рет өз консулдық округін аралап өтуге міндетті.

22. Консулдық лауазым иелері іс-қимылдарына жасалған шағымдар бағыныстылық тәртібімен қаралады.

2-Бөлім

Консулдың Қазақстан Республикасының Заңды тұлғалары мен азаматтары жөніндегі міндеттері

4-тарау. Жалпы ережелер

23. Консул Қазақстан Республикасының заңды ұйымдары мен азаматтарының консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдары және Қазақстан Республикасы мен консулдық мекеме орналасқан мемлекет қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық әдет-ғұрыптар оларға берген барлық құқықтарды толық көлемінде пайдалануы үшін шаралар қолдануға міндетті.

Консул жазбаша, сондай-ақ ауызша арыздарды қабылдауға міндетті.

24. Консул Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін шаралар қолдануға міндетті.

24-1. Консул консулдық округ аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың

құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету мақсатында жәрдем көрсетеді.

Ескерту. Жарғы 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2012.01.30 № 260 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

25. Консул өзінің консулдық округінде тұрақты түрде тұрып жатқан және уақытша жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді.

26. Консул консулдық округтің шектерінде жүрген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелге іссапарға жіберілген басқа да азаматтарына олардың қызмет бабындағы міндеттерін орындауда жәрдем көрсетеді.

27. Консул өзінің консулдық округінде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің қолданыстағы заңдары туралы, сондай-ақ жергілікті әдет-ғұрыптар туралы х а б а р д а р е т е д і .

Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде болуына қатысты мәселелер жөніндегі консул өкімдерінің олар үшін міндетті күші бар.

28. Консул консулдық округте жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына арнап мәдени-ағарту шараларын өткізуге жәрдемдеседі.

29. Консул, егер Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса немесе материалдық, қаржылық немесе науқастану себептеріне байланысты келе алмаса, әрі істің жүргізілуін қандай да бір адамға тапсырмаса немесе басқа да себептермен өз мүдделерін қорғай алмайтын болса, сенімхатсыз-ақ консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің мекемелерінде олардың атынан өкілдік етуге хақылы. Бұл өкілдік олар өз уәкілдерін тағайындағанға дейін немесе өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды өз қолдарына алғанға дейін созылады.

5-тарау. Консулдың Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есебі жөніндегі міндеттері

30. Консул Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы өзінің консулдық округінде тұрақты тұрып жатқан немесе уақытша жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есебін жүргізеді және Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтарының (еркек жынысты) Қазақстан Республикасындағы олардың тұрақты тұратын жерлеріндегі әскери комиссариаттарға әскери қызметке шақыру үшін баруын қамтамасыз етеді.

6-тарау. Консулдың қылмыстық қудалау мен Қазақстан Республикасы соттарының міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік

органдар мен лауазымды адамдардың тапсырмаларын орындау жөніндегі міндеттері

31. Консул, егер бұған консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдары тыйым салмаса, қылмыстық қудалау мен Қазақстан Республикасы соттарының міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтары жөніндегі тапсырмаларын орындайды. Аталған тапсырмалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орындалуға тиіс.

7-тарау. Консулдың ұл (қыз) асырап алу, қамқоршылық пен қорғаншылық жөніндегі міндеттері

32. Консул Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын ұл (қыз) баланы асырап алуды Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген негіздер бойынша және т ә р т і п п е н т і р к е й д і .

Консул консулдық округ шегінде шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды жүзеге асырады.

33. Консул өзінің консулдық округінде орналасқан, ата-ананың қарауынсыз қалған, жасы кәмелетке толмаған Қазақстан Республикасының азаматтарына қамқоршылық пен қорғаншылық жасауға шаралар қолданады.

Консул сондай-ақ денсаулығына байланысты өз бетінше өзінің құқықтарын жүзеге асыра алмайтын және өз міндеттерін орындай алмайтын, жасы кәмелетке толған Қазақстан Республикасының азаматтарына қамқоршылық пен қорғаншылық жасауға шаралар қолданады.

8-тарау. Консулдың Қазақстан Республикасы азаматтарының мүлкі жөніндегі міндеттері

34. Консул Қазақстан Республикасының азаматы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мүлікті қорғауға шаралар қолданады.

Егер қалған мүлік толық немесе ішінара бүлінген заттардан тұратын болса, сондай-ақ оны сақтау тым қымбатқа түсетін болса, онда консул залал шектірмей бұл мүлікті сатып, түскен ақшаны тиесілілігі бойынша жолдауға хақылы.

35. Консул мұраға қалған мүлікті Қазақстан Республикасында тұратын мұрагерге тапсыру үшін қабылдап алуға хақылы.

36. Консул Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі ақшаны, бағалы заттарды, құнды қағаздарды және құжаттарды қабылдап ала алады.

Егер сақтауға тапсырылған мүліктің иесі болып табылатын адам қайтыс

болған жағдайда мұндай мүлікке осы Жарғының 34-тармағының ережелері қолданылады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.26 N 623 Жарлығымен.

9-тарау. Консулдың қамауда отырған, ұсталған немесе басқа нысанда бас еркінен айырылған немесе жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары жөніндегі міндеттері

37. Консул тұтқындалған (қамауға алынған), немесе қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған немесе Қазақстан Республикасы азаматының бостандығын шектейтін басқа да шараларға ұшыраған немесе бас еркінен айыру ретінде жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ сот немесе әкімшілік жазаға тартудың шаралары қолданылған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдары мен халықаралық шарттардың сақталуын қадағалауға міндетті.

Консул мүдделі адамдардың өтініші және өз бастамасы бойынша қамауға алынған жерлердегі Қазақстан Республикасының азаматтарына баруға және олардың жағдайларын білуге міндетті. Консул мұндай азаматтардың санитария мен тазалық талаптарына сай келетін жағдайларда ұсталуын, олардың қатыгездікке ұшырамауын және адамдық қасиеттерінің қорланбауын қадағалауға міндетті.

10-тарау. Консулдың паспорттар мен визалар мәселелері жөніндегі міндеттері

38. Консул Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар береді, оларды ауыстырады және олардың паспорттарына қажетті өзгерістер енгізеді.

39. Консул Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына келу, Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өту визаларын береді, ұзартады, жояды.

11-тарау. Консулдың азаматтық мәселелер жөніндегі міндеттері

40. Консул өзінің консулдық округінде тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштерді қабылдайды.

41. Консул Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығын тіркейді.

12-тарау. Консулдың азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері жөніндегі міндеттері

42. Консул Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркейді.

Консул сол мемлекетте тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарынан, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркеткен шетел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан азаматтық хал актеріне өзгертулер, толықтырулар мен түзетулер енгізу жайлы өтініштерді қабылдайды.

Консул сол мемлекетте тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарынан, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркеткен шет ел азаматтарынан, азаматтығы жоқ тұлғалардан жоғалтылған азаматтық хал актілері туралы жазбаларды қалпына келтіру және азаматтық хал актілерін жою туралы өтініштер қабылдайды.

12-1-тарау. Консулдың Қазақстан Республикасының азаматтарына олардың сайлау құқығын іске асыруда жәрдем көрсету жөніндегі функциялары

Ескерту. Жарғы 12-1-тараумен толықтырылды - ҚР Президентінің 2012.01.30 № 260 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

42-1. Консул Қазақстан Республикасының азаматтарына олардың сайлау құқықтарын іске асыруда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сайлау құқығының қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсетеді.

Егер Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент Мәжілісінің партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарын сайлауды және республикалық референдумды өткізу кезінде шетелдік мекеменің үй-жайында сайлау учаскесі құрылар болса, Консул бұл туралы тұратын мемлекеттің билік органдарын ресми түрде хабардар етеді.

3-Бөлім

Нотариалдық қызмет, консулдық ресмилендіру, консулдық алымдар

13-тарау. Нотариалдық қызмет

43. Консул Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариалдық қызмет көрсетеді.

44. Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы мен консулдық орналасқан мемлекет қатысатын халықаралық шарттарға сәйкес нотариалдық іс-әрекет жасалған кезде орналасқан мемлекеттің құқықтық нормалары қолданылады.

Консул Қазақстан Республикасы мен консулдық мекеме орналасқан мемлекет қатысатын халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес түзілген құжаттарды қабылдайды, сондай-ақ егер бұл Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделмесе, орналасқан мемлекеттің заңдарында белгіленген нысанда куәландыру жазбаларын жасайды.

14-тарау. Консулдық ресмилендіру

45. Консул консулдық округ өкімет орындарының қатысуымен түзілген немесе осы өкімет орындарынан шығатын құжаттар мен актілерді ресмилендіреді.

Қазақстан Республикасының органдары, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы мен консулдық мекеме орналасқан мемлекет қатысушылары болып табылатын халықаралық шартта өзгеше қарастырылмаған болса, мұндай құжаттар мен актілерді қарауға тек консулдық ресмилендіру бар болғанда ғана қабылдайды.

Консулдық ресмилендіру дегеніміз құжаттардың консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің қолданыстағы заңдарына сәйкестігін тексеру және мұндай құжаттарды басқа мемлекетте пайдалану мақсатымен оларға лауазым иесінің қойған қолы мен басқан мөрінің түпнұсқалылығын анықтау мен куәландыру болып табылады.

Консулдық ресмилендіру тәртібін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілейді.

46. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін немесе өздерінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін немесе азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне дақ түсіретін мәліметтері бар құжаттар мен актілер ресмилендіруге жатпайды.

15-тарау. Консулдық алымдар

47. Шетелдерде және Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын консулдық іс-әрекет үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін тәртіппен консулдық алымдар алынады.

Ескерту. Жарғы 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.01.30 №

260 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

48. Консулдық алымның ставкалары, оны алу, төлеу, есепке алу және төлеуден босату тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. Жарғы 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.01.30 № 260 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

49. (Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.26 N 623 Жарлығымен).

50. Консулдық алымдар Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетіне есепке алынады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.26 N 623 Жарлығымен.

51. (Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.26 N 623 Жарлығымен).

4-Бөлім

Консулдық Қазақстан Республикасының әскери кемелері мен әскери-көмекші кемелері жөніндегі міндеттері

52. Консул өзінің консулдық округінің шегінде консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің порттарындағы, аумақтық және ішкі суларындағы Қазақстан Республикасының әскери кемелері мен әскери-көмекші кемелеріне (бұдан әрі "кемелер" деп аталады) жағалаумен байланыс, жергілікті өкімет орындарымен қарым-қатынас, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері мен басқа да мәселелерде барынша көмектесуге міндетті.

Әскери-теңіз (әскери) атташелері уақытша болмаған және олар штат кестесінде болмаған кезде консул кемелердің келуімен байланысты барлық мәселелерді шешуге қатысады.

53. Консулдық округтің шегіндегі портқа алда кемеңіз келетіндігі, оған кіруі үшін лоцманның қажеттігі туралы мәлімет алынған ретте, консул кемеге лоцманның дер кезінде келіп жетуі үшін шаралар қолданады.

54. Кеме келісімен консул кемеңіз командиріне жергілікті өкімет орындарымен қатынастар кезінде қажетті мәліметтерді, атап айтқанда, жергілікті жердің санитарлық жағдайы, порттың ережелері және орындалуы міндетті

немесе кеме командирі мен экипаж мүшелерінің басшылыққа алуы қажет жергілікті заңдар мен әдет-ғұрыптар жөніндегі мәліметтерді кідіріссіз хабарлайды.

55. Консул мүмкіндік болысымен келген кемеге немесе кемелер отрядына жеке өзі баруға міндетті.

Консул консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің лауазым иелеріне кемеінің (кемелер отрядының) командирі барған кезде, қажет болған жағдайларда, қасына еріп жүреді.

56. Кеме экипажының ауыр науқас мүшесі, консулдық мекеме орналасқан мемлекетте емделуге қалдырылған жағдайда консул емдеу барысын қадағалауға және оның Қазақстан Республикасына жөнелтілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Кеме экипажының мүшесі қайтыс болған жағдайда консул тиісті құрметпен жерлеуге немесе қайтыс болған адамның мәйітін Қазақстан Республикасына жөнелтуге шаралар қолданады. Қайтыс болған адамның құжаттары мен жеке мүлкі Қазақстан Республикасына жіберіледі.

57. Кемелердің апаты, соқтығысы және басқа теңіз оқиғалары болған жағдайда кемелерге қажетті көмек көрсету үшін және болған оқиғаны заң тұрғысынан тиісінше ресімдеу үшін консул өзіне байланысты шаралардың бәрін қолданады.

58. Консул кемеінің (кемелер отрядының) командиріне жоғары тұрған командованиемен байланыс орнатуда көмек көрсетеді, сондай-ақ кемеінің қызмет поштасын жөнелтуге жәрдемдеседі.

59. Консул кеме қорын сапалы да тез толықтыруға жәрдемдесуі мүмкін мәліметтерді табыс етеді, сондай-ақ өзіне кеме командирі берген барлық шоттар мен құжаттарға виза қояды.

60. Осы Жарғының 4-бөлімінің ережелері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері авиациясының ұшақтарына (тікұшақтарына) да тиісінше қолданылады.

5-Бөлім

Консулдың Қазақстан Республикасының кемелері жөніндегі міндеттері

16-тарау. Консулдың кемелер келген және аялдаған кездегі міндеттері

61. Консул консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің порттарында, аумақтық және ішкі суларында өзінің консулдық округінің шегінде кемелерге консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдарына, Қазақстан Республикасы

мен консулдық мекеме орналасқан мемлекет қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес толық көлемдегі құқықтар мен иммунитеттер берілуін қадағалайды.

62. Консул консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің порттарындағы, аумақтық және ішкі суларындағы кемелердің капитандарына жәрдем мен қажетті көмек көрсетеді.

Өкілдігі шеңберіндегі консулдың берген өкімдері кеме капитаны үшін міндетті болып табылады.

63. Консул өзіне кеме капитанының консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің портына кеме келгені туралы мәлімдеуін және кеме туралы әрі жүзудің мән-жайы жөніндегі мағлұматтарды хабарлауын қадағалауға тиіс.

Консул капитанның консулдық мекемеге келуін және жүзудің мән-жайы жөніндегі баяндаманың табыс етілуін талап етуге хақылы.

64. Консул кемеге кез келген уақытта баруға хақылы.

65. Консул кеме келгені және портта болу кезінде кеме экипажының құрамында болған өзгерістерді кеме журналында белгілеуге міндетті.

66. К о н с у л :

а) кеме келгені портка кіруіне, одан шығуына және кеме келгені портта болуына жәрдемдесуге ;

б) кемеді болған оқиғалардың мән-жайын анықтауға, кеме капитаны мен экипаж мүшелерінен сұрастыруға ;

в) кеме капитаны мен экипаж мүшелерінің арасында туындауы мүмкін еңбек дауларының шешілуіне көмектесуге хақылы.

67. Консул экипаж мүшелерінің еңбек тәртібін нығайтуға барынша жәрдем көрсетуге тиіс.

68. Кеме шетелде сатып алынған жағдайда консул Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығына уақытша куәлік б е р е д і .

Консул Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа құжатты алуға, жасауға немесе куәландыруға хақылы.

69. Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының кеме қатынасы компанияларымен келісімі бойынша консул дипломатиялық поштаны және дипломатиялық жүктерді Қазақстан Республикасының порттарына кетіп бара жатқан қазақстандық кемелермен тегін жөнелтуге хақылы.

Орналасқан мемлекетте әр түрлі себептерге немесе табиғи апатқа байланысты

төтенше жағдай жарияланғанда консул Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының порттарына кетіп бара жатқан қазақстандық кемелермен тегін жөнелтуге хақылы.

17-тарау. Консулдың кемелер кетер кездегі міндеттері

70. Консул кеме капитанына, егер бұл қажет болса, кемеңіз келген және кеткен уақыты, капитанның консулдық мекемеге келген күні, баратын порты, жолаушылар саны, сондай-ақ жүктің мөлшері, тегі және баратын жері көрсетілген куәлік береді.

71. Егер консулдың қолында бар мәліметтер бойынша кемеңіз қандай да бір портқа кіруі қауіпті, қажетсіз немесе мүмкін емес болып көрінсе, консул бұл туралы кетіп бара жатқан кемеңіз капитанын ескертуге міндетті.

72. Аса қажет болған жағдайда консул теңізге шығуға әзір тұрған кемеңіз кідіртуге немесе оның капитан белгілеген мерзімнен ертерек, тіпті тиеу-түсіру операциялары біткенге дейін кетуін талап етуге хақылы. Бұл ретте кеме журналында кемеңіз кідірту немесе оның дереу кетуін талап ету себептері көрсетілген тиісті белгі жасалады.

18-тарау. Консулдың кеме күйреген немесе апатқа ұшыраған жағдайдағы міндеттері

73. Кеме күйреген немесе апатқа ұшыраған жағдайда консул жолаушыларды, экипажды, кемеңіз және жүкті құтқару әрі орын алған оқиғаны тиісінше заңдық ресімдеу үшін шараларды қолдануға міндетті.

74. Консул капитаннан кемеңіз немесе жүктің опат болғаны немесе бүлінгені не кемеңіз немесе жүктің ықтимал бүлінгені туралы мәлімдемені қабылдайды, сондай-ақ кеме капитанының өтініші бойынша теңіз наразылығы туралы акт ж а с а й д ы .

Теңіз наразылығы туралы акт капитан өтінішінің, кеме журналындағы деректердің, сондай-ақ капитанның өзінен және мүмкіндігінше кемеңіз командалық құрамындағы адамдар қатарынан кемінде екі куәгерден және кеме командасындағы екі куәгерден алынған жауаптардың негізінде жасалады. Консул теңіз наразылығы туралы актіні өзінің қойылған қолымен және е л т а ң б а л ы м ө р м е н к у ә л а н д ы р а д ы .

Капитанға оның өтініші бойынша ол жасаған теңіз наразылығы туралы куәлік және теңіз наразылығы туралы акт беріледі.

75. Консул күйреген немесе өзге апатқа ұшыраған кемеңіз жолаушылары мен экипаж мүшелеріне, соның ішінде қажет болған жағдайларда оларды Қазақстан Республикасына қайтаруда да жәрдем көрсетуге міндетті.

19-тарау. Консулдың кеме экипажының мүшелері ауырған немесе қайтыс болған жағдайдағы міндеттері

76. Кеме жүзіп жүргенде немесе шет ел портында тұрған кезінде экипаж мүшелерінің бірі ауырып қалған жағдайда консул экипаждың ауырып қалған мүшесін консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің емдеу мекемесіне орналастыруда жәрдем көрсетуге міндетті.

77. Кеме экипажының ауыр науқастанған мүшесі консулдық мекеме орналасқан мемлекетте емделуге қалдырылған жағдайда консул емдеу барысын қадағалауға және оның Қазақстан Республикасына жөнелтілуін қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Кеме экипажының мүшесі қайтыс болған жағдайда консул қайтыс болған адамды тиісті құрметпен жерлеу немесе оның денесін Қазақстан Республикасына жөнелту үшін шаралар қолданады. Қайтыс болған адамның құжаттары мен жеке мүлкі Қазақстан Республикасына жіберіледі.

6-Бөлім

Консулдың Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері жөніндегі міндеттері

78. Консул Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемесінің (бұдан әрі "әуе кемесі" деп аталады) командиріне, экипажына және жолаушыларына консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің өкімет орындарымен қатынас жасауда жәрдемдесуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда әуе кемесін, оның экипажы мен жолаушыларын Қазақстан Республикасына қайтаруға немесе ұшуды жалғастыруына қатысты барлық шараларды қолдануға тиіс.

7 9 . К о н с у л :

а) әуе кемесінің әуежайға қонуына, одан ұшып шығуына және әуе кемесінің әуежайда болуына көмектесуге;

б) әуе кемесінде болған оқиғалардың жағдайын анықтауға, кеме командирі мен Экипаж мүшелерінен сұрастыруға;

в) қажет болған жағдайда әуе кемесінің экипаж мүшелері мен жолаушыларын емдеуді және Қазақстан Республикасына жіберуді қамтамасыз ету шараларын қ о л д а н у ғ а ;

г) әуе кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе өзге құжатты алуға, жасауға немесе куәландыруға хақылы.

80. Әуе кемесі консулдық округтің шектерінде апатқа ұшыраған, қонуға мәжбүр болған немесе басқа бір оқиғаға тап болған жағдайда консул экипаж бен жолаушыларға қажетті көмек көрсетеді.

Консул сондай-ақ апатқа ұшыраған немесе қонуға мәжбүр болған әуе кемесін, жүктер мен оқиғаның сипатын айғақтайтын заттай дәлелдерді сақтау үшін шараларды қолданады және ұшу оқиғасын тергеуде Қазақстан Республикасының мамандарына жәрдем көрсетеді.

81. Әуе кемесінің бортында қылмыс жасалған жағдайда консул Қазақстан Республикасының заңдарынан және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын міндеттерді орындауда әуе кемесінің командиріне жәрдем көрсетеді.

82. Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен келісімі бойынша консул дипломатиялық поштаны және дипломатиялық жүктерді Қазақстан Республикасының әуежайларына ұшып бара жатқан Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен тегін жіберуге хақылы.

Орналасқан мемлекетте әр түрлі себептерге немесе табиғи апаттарға байланысты төтенше жағдай жарияланғанда консул Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының әуежайларына ұшып бара жатқан Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен тегін жіберуге хақылы.

7-Бөлім

Консулдың автомобиль, теміржол көлігі құралдары және өзен флоты кемелері жөніндегі міндеттері

83. Автомобиль, теміржол көлігі құралдары және өзен флотының кемелері жөніндегі консулдық міндеттерді орындаған кезде консул осы Жарғының 5 және 6-бөлімдерінің ережелерін басшылыққа алады.

8-Бөлім

Консулдың санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық қорғау жөніндегі міндеттері

20-тарау. Консулдың санитарлық қорғау жөніндегі міндеттері

84. Консулдық округ аумағында карантиндік аурулар пайда болған жағдайда консул бұл туралы Қазақстан Республикасының уәкілетті және мүдделі мекемелерін ауру таралған ауданның атын және шекарасын, ауруға шалдығу оқиғаларының санын және жергілікті өкімет орындарының індетке қарсы қолданған шараларын көрсетіп, жедел хабардар етеді.

Консул Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат алған азаматтарға Қазақстан Республикасына кірген кезде екпелер туралы халықаралық сертификат табыс ету қажеттігі туралы хабардар етеді.

21-тарау. Консулдың фитосанитарлық және ветеринарлық қорғау жөніндегі міндеттері

85. Консулдық округтің шектерінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің қауіпті аурулары немесе зиянкестері пайда болғанда, сондай-ақ мал мен құстың жаппай ауырған немесе адам мен малға ортақ аурулардың таралу қаупі болған жағдайларда консул бұл туралы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына дереу хабарлайды.

86. Консул Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат алған азаматтарға Қазақстан Республикасына кірген кезде малға, шикізатқа және мал өнімдеріне ветеринарлық сертификаттар табыс ету қажеттігі туралы және Қазақстан Республикасына тұқымды, тірі өсімдіктерді, отырғызылатын көшеттерді, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді апару ережелері туралы хабарлайды.

9-Бөлім

Құрметті (Штаттан тыс) консулдар

87. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі консулдық мекеме орналасқан мемлекетпен келісім бойынша жекелеген консулдық міндеттерді орындауды құрметті (штаттан тыс) консулдарға тапсыра алады. Қазақстан Республикасының азаматтары да, сондай-ақ шетелдіктер де құрметті (штаттан тыс) консулдар бола алады.

88. Құрметті (штаттан тыс) консулдардың міндеттерін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі анықтайды.

89. Құрметті (штаттан тыс) консулдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде тұрмайды.